**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**
**ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**
**ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ**

**Бекітілді**
**Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми**
**Кеңесінің отырысы**
**Ғылыми Кеңес төрағасы/**
**«Утверждено»**
**на заседании Ученого Совета**
**КазНПУ им. Абая**
**Председатель Ученого Совета**
**Ректор _______ С.Ж. Пралиев**
**Протокол № ___ от «__»___201_**

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

**6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті**
**Түсу жылы:2016/2017**

**Авторлары: Асқарова Г.С. - ф.ғ.к., аға оқытушы**
**Аширов Ж.С.- магистр, аға оқытушы**

**Алматы**
**2016**

**КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

**ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**

**Мамандық 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті**
**Академиялық дәрежесі –6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша PhD**
**1 курс 3 ж.**

| № п/п | Пәннің атауы | Пәннің қысқаша мазмұны | Негізгі бөлімдер | Кр. саны | Сем. | Пререквизиттері | Постреквизиттері | Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелері (білім алушылардың білімі, біліктілігі, дағдысы және құзыреттіліктері) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 курс | | | | | | | | |
| 1. | Күрделі аталымдар: когнитивті-семантикалық сөзжасам | Тіл бірліктеріннің күрделі аталым (КА) жасалуын когнитивті-семантикалық аспектіде қарастыру, олардың мағынасын ұлттық танымдық болмысына байланысты сипаттау, табиғатын жаңа қырынан тану. КА теориялық негізін анықтау, тіл жүйесінде алатын орнын көрсету. Пән қазіргі лингвистадағы уәждеме және аталым теорияларының қағидаларына сүйену арқылы КА-дың даму, қалыптасу, жасалу тәсілдерін, заңдылықтарын қарастыру. КА-дың жасалуындағы метафора, метонимия, семантика т.б. заңдылықтарын меңгерту. Атаулардың мағыналарының қалыптасуындағы *уәждеме,метафора, метонимия, мағынаның тараюы, кеңеюі,* | Аталымдардың когнитивті-семантикалық қалыптасуы, теориялық негіздері. КА зерттелу тарихы. Метафорадағы дискурстық ұстаным. КА-дың когнитивтік негізі. Аталымдардың уәждемесі мен метафоралану құбылысы. Ішкі мағыналық құрылым. Уәждеметанудың функционалдық аспектісі. Сөздің ішкі мағыналық құрылымындағы экспрессивті-бағалауыштық қызметі. Уәждеме және оның жүйелік мәнділігі. Уәжділік қатынастар. Номинативтік бірліктердің уәжділігіндегі парадигмалық және | 2 | 1 | Сөзжасам. Когнитивті лингвистика. | Функционалды граммматика. Семантика. Уәждеметану. | КА теориясына қатысты негізгі ұғымдардың мәнін аша алады;<br>- КА қалыптасуының факторларын айқындай алады;<br>- КА қалыптастыруға қатысты зерттеу еңбектеріне талдау жасай алады;<br>- КА қатысты өз тұжырымдарын, қағидаларын дәйектей біледі;<br>- КА негізгі заңдылықтарын айқындай алады;<br>-Уәждеменің негізгі заңдылықтарын айқындай алады;<br>- КА тілдік бірліктерді салыстыра зерттеу тұрғысынан қолдану ерекшеліктерін ажыра алады. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | *семантикалық өріс* сияқты т.б. тілдік заңдылықтардың *ауыспалы мағынасы*, белгілі қасиеттеріне қарай жаңа сөздерді тудырудағы қызметі сараланады. | синтагмалық қатынастар. Аталымдардағы бейнелі-бағалауыштық метафоралар. | | | | | |
| | Метафоралы аталымдардың теориялық негіздері | Пән тілдегі аталым табиғаты аясында метафоралы аталымдардың қалыптасуы ерекшеліктерін қарастырады. Атаулардың мағыналарының қалыптасуындағы *уәждеме,метафора, метонимия, мағынаның тараюы, кеңеюі, семантикалық өріс* сияқты т.б. тілдік заңдылықтардың *ауыспалы мағынасы*, белгілі қасиеттеріне қарай жаңа сөздерді тудырудағы қызметі сараланады. | Аталымдардың когнитивті-семантикалық қалыптасуы, теориялық негіздері.<br><br>Метафорадағы дискурстық ұстаным. МА-ның когнитивтік негізі.<br><br>Аталымдардың уәждемесі мен метафоралану құбылысы.<br><br>Аталымдардағы бейнелі-бағалауыштық метафоралар. | | | Сөзжасам. Когнитивті лингвистика. | Функционалды грамматика. Семантика. Уәждемтану. | - МА теориясына қатысты негізгі ұғымдардың мәнін аша алады;<br>- МА қалыптасуының факторларын айқындай алады;<br>- МА қалыптастыруға қатысты зерттеу еңбектеріне талдау жасай алады;<br>- МА қатысты өз тұжырымдарын, қағидаларын дәйектей біледі;<br>- МА негізгі заңдылықтарын айқындай алады;<br>-Уәждеменің негізгі заңдылықтарын айқындай алады;<br>- МА тілдік бірліктерді салыстыра зерттеу тұрғысынан қолдану ерекшеліктерін ажыра алады**.** |
| 2. | Академиялық шешендік | «Академиялық шешендік» пәнінің **мақсаты** шешендік өнердің бүкіл адамзаттың қасиетті де құнды мұрасы екенін таныту; ойшылдар мен халық даналығының үлгілі нұсқаларын оқып-үйрету, соның ішінде академиялық шешендікке қойылатын талаптарды меңгерту, оны тәжірибелік іс-дағдысында қолдануға үйрету *болып табылады.*<br>«Академиялық шешендік» *пәнінің* ***негізгі міндеттері:*** | Шешендік өнер тарихы және теориялық мәселелері<br>Шешендік сөздердің тегі мен түрі, мазмұны мен құрылысы<br>Шешендік өнердің өзге ғылым салаларымен байланысы<br>Қазіргі шешендік сөз түрлері.<br>Академиялық шешендіктің тақырыбы мен мазмұндық ерекшеліктері.<br>Академиялық | 3 | 1 | Сөз мәдениеті<br>Қазақ тілінің стилистикасы<br>Философия, психология | Лингвомәдениеттаным<br>Психолингвистика | «Академиялық шешендік» пәнінің **мақсаты** шешендік өнердің бүкіл адамзаттың қасиетті де құнды мұрасы екенін таныту; ойшылдар мен халық даналығының үлгілі нұсқаларын оқып-үйрету, соның ішінде академиялық шешендікке қойылатын талаптарды меңгерту, оны тәжірибелік іс-дағдысында қолдануға үйрету *болып табылады.*<br>«Академиялық шешендік» *пәнінің* ***негізгі міндеттері:***<br>шешендіктану ғылымының мәселелерін түсіндіру; ежелгі, көне түркі, орта ғасыр түркі дәуірдегі академиялық шешендіктің үлгілерін |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | шешендіктану ғылымының мәселелерін түсіндіру; ежелгі, көне түркі, орта ғасыр түркі дәуірдегі академиялық шешендіктің үлгілерін таныту; академиялық шешендіктің түрлерін талдау; шешендік сөзге тән сапалық белгілерді меңгерту.<br>«Академиялық шешендік» ***пәнін оқу негізінде докторант:***<br>- Академиялық шешендіктің басты белгілері мен шешендік сөздердің тілдік сипатын ажырата алуы;<br>Шешендік сөздердің жанрлық ерекшелігінің жіктелісін айыра білуі, шешеннің бейнесі мен сөйлеу мәдениетіне мән бере ***білуі керек.***<br>Сөйлеу тілін тіл мәдениеті нормалары мен қатысымдық сапаларына сәйкес жетілдіруге үйренуі;көріктеу құралдарын тануға, оларды мақсатқа сай талғампаздықпен жұмсауды***меңгеруі керек.***<br>***Кәсіби құзыреттілігі:***<br>шешендік өнердің жоғары сөйлеу өнері екендігін, шешендік сөз сөйлеу актісінен туындаған мәтін түрін анықтату, қазақ шешендік өнерінің тарихын, қазіргі шешендіктің түрлерін түсіндіру, қай | шешендіктегі тілдік таным<br>Сөйлеудің логикалық қызметін ұйымдастыру.<br>Логикалық ойлау әдістері.<br>Дәлелдеме, оның құрылымы. Сөйлеудің құрылымы.<br>Сөйлеушінің психологиялық, педагогикалық мәдениеті.<br>Шешендіктегі пайымдау және ойқорытындысы.<br>Академиялық шешендіктің қоғамдық мәні.<br>Шешеннің сөйлеу стилі мен сөз саптау мәдениеті<br>Сөйлеу әрекеті және диалогтың түрлері<br>Ғылыми дискурс және пікірталас мәдениеті<br>Шешендік сөздердің тілдік-көркемдік ерекшеліктері<br>Шешен бейнесі және шешенге қойылатын талаптар<br>Академиялық шешендіктің құрылымы | | | | | таныту; академиялық шешендіктің түрлерін талдау; шешендік сөзге тән сапалық белгілерді меңгерту.<br>«Академиялық шешендік» ***пәнін оқу негізінде докторант:***<br>- Академиялық шешендіктің басты белгілері мен шешендік сөздердің тілдік сипатын ажырата алуы;<br>- Шешендік сөздердің жанрлық ерекшелігінің жіктелісін айыра білуі, шешеннің бейнесі мен сөйлеу мәдениетіне мән бере ***білуі керек.***<br>- Сөйлеу тілін тіл мәдениеті нормалары мен қатысымдық сапаларына сәйкес жетілдіруге үйренуі;көріктеу құралдарын тануға, оларды мақсатқа сай талғампаздықпен жұмсауды***меңгеруі керек.***<br>***Кәсіби құзыреттілігі:***<br>- шешендік өнердің жоғары сөйлеу өнері екендігін, шешендік сөз сөйлеу актісінен туындаған мәтін түрін анықтату, қазақ шешендік өнерінің тарихын, қазіргі шешендіктің түрлерін түсіндіру, қай кезеңдегі шешендіктің болмасын бәріне ортақ талаптары мен белгілері бар екендігіне көз жеткізу және жоғары шешендік өнерді меңгеруді өз әрекетіне мақсат етіп қоя білуге, оны жүзеге асыруға, қажетті жағдайда анықтауға; ізденімпаздықпен жұмыс істеуге, өзіндік тұжырым жасауға, қойылған міндетті орындауға баулу.<br>***Пәндік құзыреттілігі:***<br>- академиялық деңгейде шешен сөйлеу мәдениетін игерту, шешенге қойылатын талаптар, шешендіктің түрлері туралы жан-жақты теориялық білімін жетілдіре отырып, сөйлеу, сөз жұмсау біліктіліктерін шыңдау, пән бойынша кәсіби шеберлігі мен |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | кезеңдегі шешендіктің болмасын бәріне ортақ талаптары мен белгілері бар екендігіне көз жеткізу және жоғары шешендік өнерді меңгеруді өз әрекетіне мақсат етіп қоя білуге, оны жүзеге асыруға, қажетті жағдайда анықтауға; ізденімпаздықпен жұмыс істеуге, өзіндік тұжырым жасауға, қойылған міндетті орындауға баулу.<br>***Пәндік құзыреттілігі:***<br>- академиялық деңгейде шешен сөйлеу мәдениетін игерту, шешенге қойылатын талаптар, шешендіктің түрлері туралы жан-жақты теориялық білімін жетілдіре отырып, сөйлеу, сөз жұмсау біліктіліктерін шыңдау, пән бойынша кәсіби шеберлігі мен дағдысын қалыптастыру; ойын жоғары деңгейде жүйелі түрде жеткізуге машықтандыру. | | | | | | дағдысын қалыптастыру; ойын жоғары деңгейде жүйелі түрде жеткізуге машықтандыру. |
| | Стиль теориясы және технология | Пән мамандық бойынша білім алушыларға тілдегі стиль мәселесін технологиямен байланысты зерделейді. Қазақ әдеби тіліндегі — қазақ ұлтының қоғамдық өмірінің сан-саласында көркем әдебиет пен мерзімді баспасөзде, радио мен теледидар хабарларында, білім беру жүйесі мен ғылым | Ғылым салаларындағы стиль ұғымы<br><br>Ауызекі сөйлеу стилінің технологиясы<br>Ресми іс қағаздары стилінің технологиясы<br>Публицистикалық стильдің технологиясы<br>Ғылыми стиль технологиясы<br>Көркем әдебиет стилі | | | Сөз мәдениеті<br>Қазақ тілінің стилистикасы<br>Философия, психология | Лингвомәдениеттаны м<br>Психолинг вистика | Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы:<br>- тілдің функционалдық түрлерінің ерекшеліктерін меңгереді;<br>- Стиль мен сөз этикетінің табиғатын түсінеді;<br>- қатысым процесі кезінде стилистикалық заңдылықтарды орынды қолдануға дағдыланады |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | салаларында және іс қағаздарындағы тілдің сильдік қырлары сөз болады | | | | | | |
| 3. | «Ғылым мен білім берудегі педагогикалық технологиялар» | Педагогиклық технология-педагогтің білім мен тәрбие беру мақсатына жетудегі бірізді әрекетінің жүйесі, педагогикалық жүйенің практикада іске асырылатын жобасы. Ғалымдардың көрсетуінше, педагогикалық технология-кепілді нәтиже беретін ғылыми жоба.<br>Пәнді оқытудың мақсаты _–білім берудің жаңару бағытында докторанттарға педагогика және филология зерттеулеріндегі жаңа педагогикалық технологияларды қарастыру. Педагогикалық технологияның басты міндеті:<br>-әрекет ету, соның нәтижесінде алынған білім, дағды, іскерлікті бекіту;<br>-білім алушылардың ойлау, әрекет ету қабілетін жетілдіру;<br>-өз әрекетін жоспарлау, өз бетімен білім алу жолдарын таңдай білу;<br>-оқыту технологияларының түрлерін, олардың құрылымын игерту және оны өз тәжірбиесінде пайдалана білу іскерлігін қалыптастыру.<br>«Ғылым мен білім берудегі педагогикалық технологиялар» пәнінің негізгі міндеттері: | 1. «Ғылым мен білім берудегі педагогикалық технологиялар» пәнінің мақсаты мен міндеттері және шығу тарихы<br>2. «Педагогикалық технологиялардың жалпы классификациясы мен негізгі қағидалары. Педагогикалық технологияларды білім беруде қолдану»<br>3. Қазақ тілін оқытуға байланысты технологиялар<br>3а Дамыта оқыту технологиялары<br>3б. Ұжымдық оқыту технологиялары<br>4. Модульдік технология<br>5. Сатылай кешенді талдау технологиясын пайдалану және қолдану арқылы сабақ өткізу<br>6. Қатысымдық , проблемалық ізгілендірутехнологиялары пайдалану<br>7. Витагендік технологияны пайдалану | 3 | 1 | Тілді жоғары мектепте оқыту әдістемесі<br>Қазақ тілінің академиялық грамматикасы<br>Сөз мәдениеті және шешендік<br>Компьютерлік лингвистика | Функционалды грамматика<br>Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері<br>Тілдік тұлға теориясы | «Ғылым мен білім берудегі педагогикалық технологиялар» пәнін оқыту нәтижесінде докторант ғылыми маман ретінде педагогикалық технологияларды меңгеріп , оқыту үдерісінде сол технологияларды ұтымды пайдалану керек.<br>«Ғылым мен білім берудегі педагогикалық технологиялар» пәнін оқыту нәтижесінде<br>Докторант педагогика және филология ғылымына жаңа педагогикалық технология түрлерінің ерекшеліктерін меңгеруі керек. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | -білім жүйесіндегі өзгерістерге сәйкес жоғары оқу орындарында оқытылатын қазақ тіл біліміне қатысты пәндерді оқытудың сапасын жаңа технологиялар арқылы арттырудың жолдарын меңгеру;<br>-тілге қатысты пәндерді оқытудағы жаңа технология түрлерінің ерекшеліктерімен таныстыру.<br>. | | | | | | |
| 4. | Тілдік жүйе және лингвостилистика | Тілдік жүйе және лингвостилистика пәні білім алушыға тілдік құрылым мен антропоцентристік парадигма арасындағы байланысты және лингвостилистикалық ерекшеліiктердің арасындағы байланысты меңгертуге арналған | Тілдік жүйе<br><br>Тілдік құрылымдар<br><br>Тілді зерттеудің парадигмаралы және лингостиоистика<br><br>Прагмастилистика | | | Тілді жоғары мектепте оқыту әдістемесі<br>Қазақ тілінің академиялық грамматикасы<br>Сөз мәдениеті және шешендік<br>Компьютерлік лингвистика | Функционалды грамматика<br>Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері<br>Тілдік тұлға теориясы | Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы<br>- Тілдік жүйені түсінеді;<br>- Тілдік бірліктердің стилистикалық ерекшелігін түсіндіре алады;<br>- Тілдік жүйедігі стиілистикалық белгілерді ажыратуға дағдыланады. |
| 5. | Роман теориясы | Роман жанрындағы прозалық және поэзиялық эпикалық шығармалардың дәстүрлі негіздерін және әлемдік әдеби үдерістегі даму жолын, сипатын меңгеру. Роман жанрының қалыптасуындағы көркемдік негіздері. Роман жанры поэтикасына тән жіктеліс үлгілері. Роамн жанрындағы шығармалардың әлем өркениеті кеңістігіндегі ұлттық және | Философиялық сарынды романдар үлгілерінің пайда болуы, әдеби үдеріске жалғасуы. Әлеуметтік-психологиялық романдар поэтикасы. Тарихи романдардағы өмір шындығы және көркемдік шешім сипаты. Деректамалық-тарихнамалық романдардың халықтық сипаты. Мемуарлық- | 2 | 1 | Классикалық әдеби дәстүр. Әдеби шығармашылық үдерісіндегі стиль. Қазақ әдебиетіндегі реализм және жаңа реализм. | Ауызша авторлық әдебиет поэтикасы. Әдеби үдерісіндегі көркемөнер салалары бірлігі. Әдебиет теориясы. | Әлем әдебиеті даму үдерісіндегі эпикалық шығармаларға ортақ поэтикалық заңдылықтарды игереді. Романдардың көлемдік үлгілеріндегі (дилогия, трилогия, тетралогия, пенталогия) эпикалық кеңістік пен көркемдік жинақтаулардың суреткерлік шеберлік тағылымын меңгереді. Роман теориясы аясында суреткерлер шеберлігі мен халық әдеби тілінің эстетикалық тереңдіктерін тануды игереді. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жалпыадамзаттық озық үлгілері. Роман жанрындағы шығармалардың көркемдік-стильдік ерекшеліктері. | ғұмырнамалық романдардың көркемдік-эстетикалық тағылымы. Публицистикалық романдардың стильдік өрнктері. Детективті романдардың көркемдік қиял мен өмір шындығына негізделген психологиялық ерекшелігі. Роман жанрындағы шығармалардың өркениет кеңісітігіндегі жалпыадамзаттық ортақ сипаты мен ұлттық өзгешелігі. | | | | | |
| | Философия-лық поэзия | Фольклор мұралары мен кркем әдебиет шығармаларының халықтық-философиялық ойлау негіздері жүйеленеді. Фольклордағы тұрмыс-салт өлеңдеріндегі , мақал-мәтелдердегі, жұмбақтардағы, қара өлеңдердегі философиялық дүниетаным негіздері түсіндіріледі. Түркі өркениеті, Қазақ хандығы (ХҮ-ХҮІІІ ғғ), ХІХ-ХХ ғғ, қазіргі ХХІ ғ басындағы әлем өркениетіндегі және қазақ әдеби үдерісіндегі философиялық поэзия сипатына ғылыми-теориялық талдаулар жасалады. Хакім Абайдың және оның дәстүріндегі қазақ философиялық поэиясының көркемдік- | Фольклор жанрларының философиялық сипаты<br>Түркі өркениеті ойшыл ақындарының философиялық поэзиясы<br>Жыраулар поэзиясының философиялық тұғырнамасы<br>Хакім Абайдың философиялық поэзиясы<br>Шәкәрімнің философиялық поэзиясы<br>Хакім Абайдың философиялық поэзиясы дәстүрінің жалғасы<br>Тәуелсіз Қазақстан әдебиетіндегі философиялық поэзия | | | Халық ауыз әдебиеті.<br>Шығыс әдебиетінің тарихы.<br>Әдебиеттануға кіріспе. | Әдебиет теориясы.<br>Шетел әдебиетінің тарихы.<br>Классикалық әдеби дәстүр.<br>Өлең теориясы. | Әлемдік сөз өнері мұраларына ортақ халықтық-ойшылдық дүниетаным негіздері игеріледі.<br>Фольклор мен әдебиет шығрамаларындағы өмір философиясы заңдылықтары мәнісі меңгеріледі.<br>Әлем халықтарының және қазақ халқы әдебиетінің тарихындағы философиялық поэзияның поэтикалық үндестіктері, өзгешеліктері туралы ғылыми ізденістерге дағдылану жүзеге асырылады. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | эстетикалық сипаты талданады. | | | | | | |
| 6. | Тіл және гуманитарлық ғылымдар интеграциясы | Докторанттарға тілді қоршаған әлеммен, әрі адамдық факторлармен, ұлттық құндылықтармен сабақтастықта меңгерту, мәдениетаралық қарым-қатынас тұрғысынан үйрету, тілдің тарих, философия, мәдениеттану, әлеуметтану және т.б. ғылым салаларымен байланыста оқыту. | Білім берудегі жаңа тенденциялар және басым бағыттар;<br>Тілді ұлттық-мәдени құндылықтардың ажырамас бөлігі ретінде меңгерту;<br>Тілдің дүниетанымдық, тәрбиелік, әлеуметтік, этномәдени аспектілерін біртұтастыққа қамти отырып оқыту;<br>тілдің салаларын өзара байланыста, тоғыстыра оқытудың жолдары. | 2 | 1 | Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттар.<br>Тілді жоғары мектепте оқыту әдістемесі | Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі.<br>Тілді оқытудағы педагогикалық шеберлік | Пәннің өзге тіл туралы ғылымдармен байланысын, айырмашылағын таба біледі; қазақ тілін оқыту әдістемесінің қалыптасып, дамуындағы негізгі бағыттар мен тенденциялармен танысады; қазақ тілін оқытуға байланысты ғалымдардың әдістемелік еңбектерінің осы саланы дамытудағы рөлін біледі; қазақ тілін оқытуға қатысты ғалымдар еңбектерін саралай отырып, олардың ұсынған әдіс-тәсілдерін жете меңгере алады; қазақ тілі сабақтарында әдіскер ғалымдардың ұсынған технологиялары мен ой-тұжырымдарын біледі. |
| | Тілді оқытудағы пәнаралық байланыс | Пән барысында тілді оқытудағы пәнаралық байланыстың орны мен ғылыми негіздері туралы білім беріледі. Тілді қоршаған әлеммен, әрі адамдық факторлармен, ұлттық құндылықтармен сабақтастықта меңгерту, мәдениетаралық қарым-қатынас тұрғысынан үйрету, тілдің тарих, философия, мәдениеттану, әлеуметтану және т.б. ғылым салаларымен байланыста оқытылады. | Білім мазмұны және білім берудегі тенденциялар<br><br>Тілдің дүниетанымдық, тәрбиелік, әлеуметтік, этномәдени аспектілерін біртұтастыққа қамти отырып оқытудың ғылымилығы; | | | Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттар.<br>Тілді жоғары мектепте оқыту әдістемесі | Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі.<br>Тілді оқытудағы педагогикалық шеберлік | Пәннің өзге тіл туралы ғылымдармен байланысын, айырмашылағын таба біледі; қазақ тілін оқыту әдістемесінің қалыптасып, дамуындағы негізгі бағыттар мен тенденциялармен танысады; қазақ тілін оқытуға байланысты ғалымдардың әдістемелік еңбектерінің осы саланы дамытудағы рөлін біледі; қазақ тілін оқытуға қатысты ғалымдар еңбектерін саралай отырып, олардың ұсынған әдіс-тәсілдерін жете меңгере алады; қазақ тілі сабақтарында әдіскер ғалымдардың ұсынған технологиялары мен ой-тұжырымдарын біледі. |
| 7. | Қазақ повесінің поэтикасы | Бұл пәнде қазақ повесінің архетиптері, генезисі, сюжеттік, композициялық, тілдік, стильдік ерекшеліктері мен оның жанр ретінде пайда болуына түрткі болған мәдени-әлеуметтік, қоғамдық-саяси алғышарттар ашып | Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық. Реализм мен неореализм. Модернизм және постмодернизм.<br>XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. | 3 | 2 | «Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері», «Роман теориясы» | Ауызша авторлық әдебиет поэтикасы, «Әдебиеттанудағы жаңа мектептер мен | Докторанттар әдебиет көркемдік даму эволюциясын игеру арқылы суреткердің шығармашылық психологиясына тереңірек үңілуге, әдеби тек пен түрдің, ағымдар мен бағыттардың, стильдер мен әдістердің айырмашылықтарын тануға машықтанады. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | көрсетіледі. | Алғашқы қазақ басылымдарының дүниеге келуі. Қазақтың жазба әдебиетінің дамуына әлемдік әдеби дәстүрдің тигізген ықпалы. | | | | бағыттар» | |
| | Эпистоляр лық әдебиет дәстүрі | Эпистолярық әдебиет дәстүрі пәнінде қазақ әдебиетіндегі аталмыш жанрдың тарихы, әдеби мәні, пішіндік ерекшеліктері, пікір алмасушылық сипаттары, әдеби-мәдени, қоғамдық-тарихи тұрпаты сараланады. | Бірінші бөлімде-қазақ әдебиетіндегі эпистолярлық жанрдың пайда болу, даму, қалыптасу тарихы, зерттелуі ал екінші бөлімде-қазақ әдебиетіндегі эпистолярлық жанрдағы әдебиеттің үлгілері, олардың тарихи-әдеби аспектілері қарастырылады. | | | 1.Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері,<br>2. Әдебиеттану ғылымының негіздері. | 1. Әдебиет-тану ғылымы-ның методоло-гиялық негіздері,<br>2. Көркем мәтін теориясы | Пәнді оқу нәтижесінде докторант:<br>-Эпистолярық шығармалардың жанрлық табиғатын;<br>-эпистолярлық жанрдың пайда болу, қалыптасу, даму тарихын;<br>-әдеби-мәдени, қоғамдық-тарихи аспектілерін;<br>-әдеби маңызы мен мәдени құндылықтарын;<br>-әдеби-теориялық ерекшеліктерін айқын ажыратып, тани біледі. |
| 8. | Сөз мәдениетінің негіздері | Бұл пән6D011700-қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқитын 1-курс докторанттарына арналған. Қазақ тілі білімінің жаңа қалыптасқан саласы сөз мәдениеті мен шешендік өнер туралы, оның мазмұндық-құрылымдық жүйесі мен оқытудың жаңа бағыттары мен қағидалары туралы мағлұмат беріледі. Болашақ ғалымдардың кәсіби-интеллектуалдық әлеуетін арттырып, тіл туралы дүниетанымын қалыптастырумен қатар сөз шеберлігі мен қатысым мәдениетін игерту көзделеді. Сондықтан оқу | Сөз мәдениеті және функционалдық сауаттылық. Сөз мәдениетінің тірек ұғымдары, сөз сапалары.<br>Сөз мәдениетінің нормативтік, коммуникативтік, этикалық сапалары.<br>Сөз мәдениетінің ұлттық танымдағы орны. Сөз мәдениеті және тіл мәдениеті. Сөз мәдениеті-философиялық категория. Сөз мәдениетінің ұлттық-танымдық негіздері. Тілдік тұлғаның сөз мәдениеті. Әлеуметтік | 2 | 2 | Қазіргі қазақ тілінің стилистикасы | Академиял ық шешендік | Пәнді оқу нәтижесінде докторант:<br>- сөз мәдениеті теориясына қатысты тірек ұғымдардың мәнін аша алады;<br>- сөз мәдениеті теориясының философиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік негіздерін ажырата біледі;<br>- тілдік тұлғаның сөз мәдениетінің қалыптасуының факторларын айқындай алады;<br>- сөз мәдениетіне және оны қалыптастыруға қатысты зерттеу еңбектеріне талдау жасай алады;<br>- тілдік тұлғаның сөз мәдениетіне қатысты өз ой-тұжырымдарын, уәждерін дәйектей біледі;<br>- сөз мәдениеті бойынша тұлға мәдениетінің қабілеттерін айқындай алады;<br>- сөз мәдениеті бірліктерді қатысымдық тұрғыда қолдану |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | пәнінің теориялық және практикалық міндеттері бірге қамтылады.<br>«Сөз мәдениетінің негіздері» пәнінің мақсаты мен міндеттері:<br>**Пәннің мақсаты:** докторанттарға сөз мәдениетінің ғылыми-әдіснамалық негіздерін, оны зерттеудің жаңа бағыттарын таныту, осы салаға қатысты негізгі ұғымдар мен категорияларды ажыратып, сөз сапалары туралы ғылыми тұжырымдарды саралауға, алған білімдерін өздерінің ізденіс бағытымен үйлестікте зерделеуге және қолдануға баулу.<br>**Пәннің міндеттері**:<br>- сөз мәдениетіне қатысты тірек ұғымдардың мәнін ашу;<br>- сөз мәдениеті саласының философиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік негіздерін таныту;<br>- тұлғаның сөз мәдениетін қалыптастырудың қоғамдық-әлеуметтік факторларын айқындау;<br>- сөз мәдениетіне қатысты зерттеу еңбектеріне талдау жасату;<br>- тілдік тұлғаның интеллектуалдық әлеуеті мен сөз мәдениетінің сабақтастығына қатысты өз ой-тұжырымдарын, уәждерін | орта және сөз мәдениеті. Сөз мәдениеті және педагогикалық ұстанымдар. Сөз мәдениеті және қатысымдық құзіреттіліктер. Филолог- тілдік тұлғаның сөз мәдениеті. | | | | | ерекшеліктерін ажырата біледі. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дәйектеу дағдыларын дамыту;<br>- баяншы әрі қабылдаушы ретіндегі тілдік тұлғаның сөз мәдениетінің мәнін айқындату;<br>- сөз мәдениетімен байланысты қалыптасатын тілдік-қатысымдық, мәдени-танымдық құзіреттіліктерді меңгерту. | | | | | | |
| | Тіл мәдениеті | Қазақ халықының этикеті туралы айта отырып, оның вербалды жағы мен паралингвистикалық тұстары лингвистикалық зерттеудің ерекше объектісіне айналып отырғандығын, сондай-ақ сөз саптау кезінде этикеттік мәнге ие болатын сөздер мен сөз тіркестерін, грамматикалық тұлғаларды, олардың семантикалық-стилистикалық ерекшеліктерін оқытып, үйрету | Қазақ халқының мәдениеті аясындағы сөз этикеті<br>Этикеттік нормадағы паралингвитикалық амалдар<br>Этикеттік мінге ие сөздер лингвистикасы | | | Қазақ тілінің стилистикасы<br>Мәнерлеп оқу және шешендік өнер | Академиялық шешендік | - Сөз байлығын, ұлттық тілдің қуатын, әдеби тілдің мазмұнын, болмысын білуі керек,<br>- тіл болмысын танумен қатар, тілдің лексикалық жүйесінің ғылыми-теориялық негізін пікір түйіндей білуді меңгеруі керек<br>- Қазақстан Республикасының қазіргі әлеуметтік мәдени жағдайының талабына сай жоғары мектеп түлегін ұлттық сана-сезімі жоғары азамат, патриот қалыптастыру, мамандыққа байланысты алған білімдерін теориялық және практикалық тұрғыдан игеріп, қажеттілікке жарату құзыреттілігі болып табылады. |
| 9. | Тілді оқытудағы педагогикалық шеберлік | Пән аясында білім беру үдерісіндегі жаңа тенденцияларды негізге алып, қазақ тілін жоғары оқу орындарында оқытудың философиялық, педагогикалық, методологиялық негіздерін жүзеге асырудағы педагогтың шеберлігімен таныстыру. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің дамуын әлеуметтік-қоғамдық талаптармен ұштастыра отырып шеберлік ұғымын | Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың парадигмалары, қағидалары<br><br>Қазақ тілін оқытудың педагогикалық, писхологиялық, философиялық негіздерін меңгертугеі шеберлік | 2 | 2 | Қазақ тілін оқыту әдістемесі | Кәсіби қазақ тілін оқытудың методологиясы. | Пәнді оқыту нәтижесінде білім алушы қазақ тілін жоғары мектепте оқытудың әдістемелік жүйесін меңгереді. Тілді оқытудағы педагогикалық шеберліктің негізгі белгілері мен ерекшеліктерін айқындай алады, тілді меңгертуде педагогикалық технологияларды қолдана білуге дағдыланады |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | айқындау. Осыған сай қазақ тілін меңгертудің жаңа жүйесін зерттей отырып, білім алушылардың маман ретінде кәсіби тұрғыдан дамуына жағдай тудыру. | | | | | | |
| 10. | Педагогикалық шеберлік арқылы тілді меңгерту | Пән барысында педагогикалық шеберлік ұғымы аясында педагогтың негізі кәсіби әрекеттері түсіндіріледі. Оқыту технологияларын тілді меңгертуде қолдану жолдары меңгертіледі | Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың ерекшеліктері<br><br>Қазақ тілін оқытудағы педагогикалық ерекшеліктер<br><br>Педагогикалық шеберлік және тіл | | | Қазақ тілін оқыту әдістемесі | Кәсіби қазақ тілін оқытудың методологиясы. | Пәнді оқыту нәтижесінде білім алушы қазақ тілін жоғары мектепте оқытудың әдістемелік жүйесін меңгереді. Тілді оқытудағы педагогикалық шеберліктің негізгі белгілері мен ерекшеліктерін айқындай алады, тілді меңгертуде педагогикалық технологияларды қолдана білуге дағдыланады |
| 11. | Қазақ тіліндегі қатысымдық бірліктер | Тіл құралдары хабар беру мен мәліметті қабылдау, ақпарат алысу процесінің көрсеткіші ретінде ерекшеленеді. Осы ерекшелігіне сай олар қатысымдық бірліктер ретінде танылып, тілдің коммуникативтік қызметін анықтайтын құралдар қатарына жатады. Қатысымдық бірліктер сөйлеу барысында өмір сүріп, олар коммуникативті мағынаға ие болады. Сондықтан бұл пәнде қатысымдық бірліктердің қызметі барысында туындайтын коммуникативті мағынаның берілу жолдарын оқыту мақсат етіледі.<br>**Міндеттері:**<br>- айтылған мәлімет пен оның мағынасын түсіну процесін айқындайтын | коммуникативтік мағына және тілдік қатынас коммуникативті мағына және таным коммуникативті мағына және бейвербалды амалдар | 2 | 2 | «Қазақ тілінің лексикологиясы», «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы», «Қазіргі қазақ тілі синтаксисі», , «Тілдік қатынас теориясы», "Тіл біліміне кіріспе» | «Функционалды тіл білімі», «Коммуникативті лингвистика», «Психолингвистика», «Когнитивті лингвистика» «Лингвомәдениеттаным». | Пәнді оқу барысында докторант мына мәселелерді:<br>- коммуникативтік мағынаның берілу жолдарын;<br>- коммуникативтік мағына мен тілдік қатынастың арақатынасын;<br>- коммуникативті мағына мен танымның сабақтастығын;<br>- коммуникативті мағына мен бейвербалды амалдардың өзара байланысын **біледі.**<br>Пәнді оқу барысында докторанттар мына мәселелерді **меңгереді:**<br>- сөздердің коммуникативті мағына тудыру үстіндегі функционалдық ерекшеліктерін;<br>- сөйлемдердің коммуникативті мағына тудыру үстіндегі функционалдық ерекшеліктерін;<br>- мәтіндердің коммуникативті мағына тудыру үстіндегі функционалдық ерекшеліктерін меңгереді; |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | коммуникативті мағынаның берілу жолдарын игеру;<br>- ауызша тілдік қатынас үстіндегі коммуникативтік мағынаның өзіндік ерекшеліктерін ажырата білу;<br>- жазбаша тілдік қатынасқа тән коммуникативтік мағынаның өзіндік ерекшеліктерін анықтау;<br>- коммуникативті мағынаның коммуниканттар моделін айқындауда алатын орнын айқындау. | | | | | | |
| | Теориялық лингвистика мәселелері | Теориялық лингвистика пәні аясында білім алушыларға тіл біліміндегі теориялық білімдер негізінде жүйеленген бағыттар мен мектептердің ішкі ерекшеліктері және зерттеу нысандары түсіндіріледі. Лингвистика теориясының даму бағыттары бойынша зерттеу еңбектердің ғылыми негіздері сараланады | Тіл теориясының аспектілері<br><br>Тіл теориясының ерекшеліктері<br><br>Тіл теориясының ғылыми негіздері | | | Жалпы тіл білімі<br><br>Тіл біліміндегі антропоценртистік парадигма | Мәтін теориясының аспектілері<br><br>Әтін жәнедискурс | Пәнді оқу нәтижесінде білім алушы:<br>-Лингвистикалық ғылыми ойдың дамуын түсіндіре алады;<br>- тіл біліміндегі парадигмаларды ғылыми негіздей алады;<br>- өзінің ғылыми ізденісін теориялық лингвистика мәселелерімен ұштастыра алады. |
| 12. | Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі | Пән асында білім алшыға ғылыми және пеадгоикалық зерттеулердің ерекшеліктері мен жолдары ұсынылады. Педагогикалық зерттеулердің ғылыми және практиалық белгілері сараланады | Педагогикадағы зерттеу<br><br>Іс әрекет барысындағы зерттеу<br><br>Ғылыми және педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық ерекшеліктері | 2 | 2 | Қазақ тілін оқыту әдістемесі<br><br>Тілді жоғары мектепте оқыту әдістемесі | | Пәнди игеру барысында білім алушы педагогикалық сала бойынша зерттеулердің негізі белгілері мен ерекшеліктерін түсінеді. Зерттеу барысында негізгі проблеманы айқындау жолдарын меңгереді. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Педагогикалық зерттеулер | Пән асында білім алшыға ғылыми және пеадгоикалық зерттеулердің ерекшеліктері мен жолдары ұсынылады. Педагогикалық зерттеулердің ғылыми және практиалық белгілері сараланады | Педагогикадағы зерттеу<br><br>Іс әрекет барысындағы зерттеу<br><br>Ғылыми және педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық ерекшеліктері | | | Қазақ тілін оқыту әдістемесі<br><br>Тілді жоғары мектепте оқыту әдістемесі | | Пәнди игеру барысында білім алушы педагогикалық сала бойынша зерттеулердің негізі белгілері мен ерекшеліктерін түсінеді. Зерттеу барысында негізгі проблеманы айқындау жолдарын меңгереді. |
| 13. | Мәтін және дискурс | « Мәтін және дискурс теориясы» пәнінің мақсаты мен міндеттері:<br>Мәтін және дискурс теориясының негіздерін зерделеу. Мәтін және дискурстың негізгі ұғымдық аппараттарын, олардың айырым белгілерін игерту. Мәтін және дискурс құрылымы мен типологиясын ажырату. Дискурсты зерттеудің когнитивтік парадигмасын меңгерту. Сөйлеу және бұқаралық ақпараттар тіліндегі тілдік бірліктердің қатысымдық мағынасын талдау арқылы тілдік қатынасты жүзеге асыратын коммуникативтік акт ерекшеліктерін зерделеу.<br>Кәсіби құзыреттілігі:<br>- сөйлеудің құрылуы мен қабылдануын анықтайтын әрі үздіксіз жүретін үдерістер туралы идеяны өз шығармашылығында тану, соның нәтижесінде мәтін өңдеудің когнитивтік моделін анықтау. Өз | Мәтін теориясының ұғымдық аппараты<br>Дискурс теориясының ұғымдық аппараты.<br>Мәтін мен дискурстың айырым белгілері<br><br>Тақырып және мәтін тұтастығының ерекшеліктері. Мәтін семантикасы. Мәтін композициясы.<br>Мәтін -барлық тілдік бірліктер іске қосылатын ерекше күрделі тілдік таңба<br>Дискурс құрылымы және типологиясы<br>Пропозиция және оның дискурстағы көрінісі<br>Дискурс билік ресурсы ретінде<br>Дискурсты зерттеудің когнитивтік парадигмасы<br>Көп пропозициялы дискурс пен тілдік тұлға құрылымының қатысы<br>Біртекті және әртекті дискурс типтері<br>Дискурс талдау мен | 2 | 2 | Мәтін лингвистикасы<br>Тіл білімінің жаңа бағыттары<br>Тілдік қатынас теориясы | Қазіргі тілі білімі мен әдебиеттану ғылымының даму үрдісі мен жаңа бағыттары. Парадигма түрлері.<br>Тіл танымдағы антропологиялық парадигма.<br>Сөйлеуші және тыңдаушы арасындағы тілдік қатынас | « Мәтін және дискурс теориясы» пәнінің негізінде:<br>- Мәтін және дискурс құрылымы мен типологиясын ажырату. Дискурсты зерттеудің когнитивтік парадигмасын меңгереді. Сөйлеу және бұқаралық ақпараттар тіліндегі тілдік бірліктердің қатысымдық мағынасын талдау арқылы тілдік қатынасты жүзеге асыратын коммуникативтік акт ерекшеліктерін меңгереді.<br>*Кәсіби құзыреттілігі:*<br>- сөйлеудің құрылуы мен қабылдануын анықтайтын әрі үздіксіз жүретін үдерістер туралы идеяны өз шығармашылығында тану, соның нәтижесінде мәтін өңдеудің когнитивтік моделін анықтау. Өз әрекеттерінде адамдардың әлеуметтік білімді қалай алатындығын, олардың бір пікірге қалай келетіндігін, олардың ұстанымдары мен бағдарының қалай көзқарас қалыптасатындығына көз жеткізу . Дискурстық сөйлеу мәдениетін игеру, мәтін мен дискурсқа қойылатын талаптар мен қағидаларды меңгеру, сөйлеу, сөз жұмсау біліктіліктерін шыңдау, ойын жоғары деңгейде жүйелі түрде жеткізуге машықтану. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | әрекеттерінде адамдардың әлеуметтік білімді қалай алатындығын, олардың бір пікірге қалай келетіндігін, олардың ұстанымдары мен бағдарының қалай көзқарас қалыптасатындығына көз жеткізу . Дискурстық сөйлеу мәдениетін игеру, мәтін мен дискурсқа қойылатын талаптар мен қағидаларды меңгеру, сөйлеу, сөз жұмсау біліктіліктерін шыңдау, ойын жоғары деңгейде жүйелі түрде жеткізуге машықтану.<br>Пәндік құзыреттілігі:<br>- Мәтін ойлау – таным-шындық сызбасына ене алатын сипатқа ие үдеріс нәтижесі екендігін ұғыну. Мәтін және дискурс теориясы когнитивтік лингвистиканың жетістіктеріне сүйенетіндігін, онда әлемнің адам санасында бейнеленетініп түсінілетіндігі басты қағида ретінде танылатындығын түсіну. Ауызша және жазбаша сөйлеу актісінен туындаған мәтін және дискурс түрлерін анықтау, мәтін және дискурс түрлерін түсіндіру, бәріне ортақ талаптары мен айырым белгілерін дәлелдеу. Пән бойынша кәсіби шеберлігі мен дағдысын қалыптастыру. | мәтін талдау ерекшеліктері<br>Қазақ баспасөзіндегі саяси дискурс мәселесі<br>Шешендік дискурс<br>Педагогикалық дискурс | | | | | *Пәндік құзыреттілігі:*<br>- Мәтін ойлау – таным-шындық сызбасына ене алатын сипатқа ие үдеріс нәтижесі екендігін ұғыну. Мәтін және дискурс теориясы когнитивтік лингвистиканың жетістіктеріне сүйенетіндігін, онда әлемнің адам санасында бейнеленетініп түсінілетіндігі басты қағида ретінде танылатындығын түсіну. Ауызша және жазбаша сөйлеу актісінен туындаған мәтін және дискурс түрлерін анықтау, мәтін және дискурс түрлерін түсіндіру, бәріне ортақ талаптары мен айырым белгілерін дәлелдеу. Пән бойынша кәсіби шеберлігі мен дағдысын қалыптастыру. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Мәтін теориясының аспектілері | Пән аясында мәтін теориясының лингвистикалық ерекшеліктері ғылымарылқ аспектіде қарастырылады. Ауызша және жазбаша сөйлеу актісінен туындаған мәтін және дискурс түрлерінің тілдік табиғатының басты қағадлары түсіндіріледі Мәтін ойлау – таным-шындық сызбасына ене алатын сипатқа ие үдеріс нәтижесі екендігін ұғыну. Мәтін және дискурс теориясы когнитивтік лингвистиканың жетістіктеріне сүйенетіндігін, онда әлемнің адам санасында бейнеленетініп түсінілетіндігі басты қағида ретінде танылатындығын түсіну. Ауызша және жазбаша сөйлеу актісінен туындаған мәтін және дискурс түрлерін анықтау, мәтін және дискурс түрлерін түсіндіру, бәріне ортақ талаптары мен айырым белгілерін дәлелдеу. Пән бойынша кәсіби шеберлігі мен дағдысын қалыптастыру. | Мәтін семантикасы. Мәтін композициясы. Мәтін -барлық тілдік бірліктер іске қосылатын ерекше күрделі тілдік таңба Дискурс құрылымы және типологиясы | | | Мәтін лингвистикасы Тіл білімінің жаңа бағыттары Тілдік қатынас теориясы | Қазіргі тілі білімі мен әдебиеттану ғылымының даму үрдісі мен жаңа бағыттары. | « Мәтін теориясының аспектілері» пәнінің мақсаты мен міндеттері:<br>- сөйлеудің құрылуы мен қабылдануын анықтайтын әрі үздіксіз жүретін үдерістер туралы идеяны түсінеді, соның нәтижесінде мәтін өңдеудің когнитивтік моделін анықтай алады;<br>- дискурстық сөйлеу мәдениетін игереді, мәтін мен дискурсқа қойылатын талаптар мен қағидаларды біледі;<br>- сөйлеу, сөз жұмсау біліктіліктерін шыңдау, ойын жоғары деңгейде жүйелі түрде жеткізуге машықтанады.<br>Мәтін ойлау – таным-шындық сызбасына ене алатын сипатқа ие үдеріс нәтижесі екендігін ұғыну. Мәтін және дискурс теориясы когнитивтік лингвистиканың жетістіктеріне сүйенетіндігін, онда әлемнің адам санасында бейнеленетініп түсінілетіндігі басты қағида ретінде танылатындығын түсіну. Ауызша және жазбаша сөйлеу актісінен туындаған мәтін және дискурс түрлерін анықтау, мәтін және дискурс түрлерін түсіндіру, бәріне ортақ талаптары мен айырым белгілерін дәлелдеу. Пән бойынша кәсіби шеберлігі мен дағдысын қалыптастыру. |
| 14. | Ауызша авторлық әдебиет поэтикасы | Пәннің құрылысында ауызша дәстүрлі халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі, импровизация мен өнер бірлігі тұтастығы | Классикалық әдеби дәстүр.<br>Әдеби шығармашылық үдерісіндегі стиль.<br>Өлең құрылымы мен поэтикасы. Көркем тарихнамалық | 2 | 2 | «Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері», «Роман теориясы» | Әдебиеттану ғылымының методологиялық мәселелері | Ауызша авторлық әдебиеттің өнернамалық юолмысын ғылыми бағалау жүзеге асырылады.Автор мен адресаттық нысандардың психологиялық-поэтикалық байланыс ерекшелігін талдау игеріледі.Ауызша әдебиет эстетикасының |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | психологиясы бағаланады. Әдеби процесс және авторлық тұлға, авторлық және адресаттық психологиялық байланыс, этнопсихологиялық-этнографиялық, этнопедагогикалық өлеңдер жүйелене түсіндіріледі. Ақындар айтыстарының әдеби шығармашылық сипаты, мұсылмандық-ағартушылық айтыстар, еларалық – ұлтаралық айтыстар, жазбаша айтыстар ғылыми-теориялық тұрғыда талданады. | шығармашылық дәстүрі.<br>Әдеби үдерістегі көркемөнер салалары бірлігі.<br>Қазақ әдебиетіндегі реализм және жаңа реализм. | | | | | этнопсихологиялық-этнопедагогикалық маңызы анықталады.Ақындар айтыстарының ауызша , жазбаша стилі поэтикасын талдау меңгеріледі. |
| | Дидактикалық әдебиет сипаты | Әлем фольклоры мен әдебиетінің көп ғасырлық тарихындағы дидактикалық әдебиет қалыптасуының, дамуының тарихи негіздері қамтылады. Поэзиялық, проазалық, драматургиялық туындылардың дидактикалық сипаты ғылыми –танымдық тұрғыда жүйеленеді. Дидактикалық-педагогикалық, әдеби-ғылыми танымдық туындылар ерекшеліктері талданады. Қазақ сөз өнері тарихындағы дидактикалық-педагогикалық, дидактикалық-философиялық көркем әдебиет, ғылыми-танымдық шығармалар поэтикалық заңдылық бойынша саралана игертіледі. | Әлем фольклоры мұраларының дидактикалық негіздері<br>Түркі өркениеті жазба ескерткіштерінің-жәдігерліктерінің дидактикалық сипаты<br>Жыраулар поэзиясының дидактикалық-философиялық, педагогикалық ұстанымы<br>Ағартушылық эстетикасы әдебиетіндегі дидактикалық ерекшеліктер<br>Қазақтың ағартушы-демократ ақын-жазушыларының дидактикалық шығармалары.<br>Әлем халықтары балалар әдебиетінің дидактикалық-педагогикалық ұлағаты. | | | Әдебиеттануға кіріспе. Халық ауыз әдебиеті.<br>Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі.<br>Классикалық әдеби дәстүр.<br>Көркем мәтінге психологиялық талдау теориясы. | Әдеби үдерістегі көркемөнер салалары бірлігі.<br>Көркем антропология және әдеби шығармашылық.<br>Көркемдік дамдың теориялық-методологиялық негіздері. | «Дидактикалық поэзия», «Дидактикалық проза», «Дидактикалық драматургия» ұғымдары саралана меңгертіледі.<br>Әлем халықтарының және қазақтың әдебиеттері даму желісіндегі дидактикалық-педагогикалық шығармалар бойынша талдаулар жасау игертіледі.;<br>Дидактикалық әдебиет туындылары бойынша ғылыми ізденістер жасауға дағдыландыру жүзеге асырылады. |

Кафедрасының меңгерушісі/ Зав.кафедрой _______________ Ж.Т. Дәулетбекова